

"Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру ерекшеліктері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 мамырдағы № 2266 Заң күші бар Жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру ерекшеліктері туралы" 1992 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 80-бап; N 13-14, 309-бап; 1993 ж., N 18, 441-бап) мынадай өзгертулер енгізілсін:

2-баптағы тоғызыншы абзац алынып тасталсын;

16-бап алынып тасталсын;

17, 18-баптар тиісінше 16, 17-баптар болып саналсын.

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті